

САЙРАМ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ М. Е. МАССОННЫҢ ЕҢБЕГІ

1925 ж. жазында М. Е. Массон «Музей ісі, табигат, өнер туындылары мен көне ескерткіш-терді корғау жөніндегі Ортаазиялық комитеттің» тапсыруымен Шымкенттік өлкетану музейін үйімдастыру мақсатымен Шымкентте болады. Осы сапарда В. В. Бартольдтың ұсынысымен Сайрам қалашығы мен ондағы сүзгелетін өнері туын-дыларын зерттеді. Зерттеуші шымкенттік мұғалім И. К. Шпотамен бірге екі мәрте Сайрам елді мекенінде болып, оның тарихи жәдігерлерімен танысты. Ғалым көне қалашық орнында 4 күндей болып көрген-білгенін, ғылыми әдебиеттегі материалдарды қорытқан 1928 ж. «Еスキ Сайрам» атты 20 беттік мақала жария етті [Массон,

1928]. Онда бірнеше фотосуреттер, ескі қала бөліктері түсірілген сыйбалар берілген, бұл еңбек қазіргі уақытқа дейін байырғы Сайрам туралы жазылған еңбектердің ең құндысы болып табылады. Сондықтан осы зерттеуде айтылған пікірлер мен мәліметтерді кейінгі зерттеушілердің мәліметте-рімен салыстыра отырып қысқаша сипаттап етуді қажет деп отырымыз.

Мақалада ғалым Сайрам туралы жазылған барлық дерлік хабарларды ескерген. М. Е. Массоннан бұрын бұл елдімекенде 1893 және 1894 жж. В. В. Бартольд [Бартольд, 1966, с. 11-115], ал 1923 ж. 2 апта бойы П. П. Иванов болып, Сайрам туралы

жиғантергендерін жария еткен болатын [Иванов, 1923. С. 46-56; Иванов, 1927, с. 151-164]. М. Е. Массонның 1928 ж. мақаласында П. П. Ивановтың 1927 ж. мақаласы аталмайды. Осыған қарағанда 1928 ж. басылған М. Е. Массонның мақаласы 1927 ж. ертерек жазылып баспаға өткізілген. Онда «Заттық қалдықтарсыз жазбаша хабарларды тусінуге болмайды және кері-сінше» деген В. В. Бартольдтың мына сөзі эпи-граф ретінде алынған. Ал бұл сез 1926 ж. № 1 «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштердің орталасқанын және кейінгі Ортаазиялық комитеттің» Хабаршысында басылғанына қарағанда аталмыш зерттеу 1926–1927 жж. жазылып басуға берілген деген тұжырымға келеміз.

М. Е. Массон Сайрамның көруен жолдар тоғысқан жерде орналасқанын және кейінгірек пайда болған Шымкентпен осы тұрғыдан бәсекелес екенін айтудан бастайды. Сонымен қатар ғалым мақаласында Сайрамның кейін пайда болған елді мекендермен салыстырғанда басты айырмашылығы – әулие жерлердің көптігі екенін атап өтеді. Сайрам тұрғындары мұны мақтаныш ететінін, әулие жерлер арнайы қолжазбада – «рисоляда» сипатталып жазылғанын айтады. Бұл рисоляның мәтінін Ж. М. Тулибаева 2007 ж. орыс тілінде жария етті [Из «Трактата …», 2007. С. 393-410]. Сайрамдағы кесенелердің ең көнесі деп жергілікті тұрғындар XI ғ. аяғы мен XII ғ. басында өмір сүрген Падшах Мәлік-баба немесе Мырәлі баба ескерткішін санайтынын айтады. М. Е. Массон аталған қыстакта болған кезде оның онтүстік-шығыс және онтүстік-батыс қас беттерінің бұрыштары сакталған екен. Кесене 25x25x5 см күйдірген кірпіштен тұрғызылыпты. М. Е. Массон ескерткіш ерекшеліктеріне қарап жергілікті халықтың оны XY ғ. жатқызатынына қолдау біл-діреді. Зерттеуші оның қалдықтарының жоспарын сыйып алғып өз зерттеуінде жария етті. 1926 ж. аталған кесене қалдықтары толығымен жойылып кетеді де тарих үшін Мырәлі баба ескерткішінің пошымы жөніндегі графикалық мәліметтер тек М. Е. Массон сыйған сыйзбада ғана сакталды. Қа-зіргі қабір үстіндегі құрылыс жоғарыда аталған мезгілден кейін салынған және оның байырғы сөүлет өнеріне қатысы жоқ.

Сайрамдағы әулиелер қатарында «сайрамдық» немесе «исфиджабтық» деген тіркестерге қарағанда, деп жазады М. Е. Массон, осы елді мекен тұрғындары да діндарлық жолда болғанын көрсетеді. Зерттеуші Сайрамда Қожа Ахмет Ясаудін ту-

ысқандарының бейіттері барын, олардың ішінде Сайрамнан Манкентке баратын жолда экесі Ибрахим ата күмбезі, Сайрам елді мекенінің ортасында орналасқан шешесі Қарааш ана кесенесі барын жазады. Аталған ескерткіштерді 1994 ж. жарық көрген «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Онтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда Н. Н. Мухамедиева сипаттап жазды [Мухамедиева, 1994. С. 204-206].

Бәлегардан мазаратында сүр түсті мәрмерден жасалған үш көктас бары айтылады. М. Е. Массон олардың барлығын оқып ажыратып, ең ескісі ныжра бойынша 827 жылдың раджаб айының 26 күні (1424 ж. маусым айының 24 жүлдөзы) дүниe салған әмір Қасымның қызына арналғанын жазады. Қалған екі тас XII ғ. жататынын анықтайды. Кесене ішіндегі, арабша жазуға толы тас тактайды XII–XIII ғғ. жатқызады. М. Е. Массон кесене құрылышы орыстар өлкені жаулап алған сон салынғандықтан тарихи құндылығы шамалы деп санап оған назар аудармаған. Алайда осы құрылыш туралы ана тілімізде алғашқылардың бірі болып жазған Д. Досжанов оның ішкі қабыргаларында жылқылардың суреті са-лынғанын көрсетеді [Досжанов, 1967, 73-6]. Сайрамда бірнеше күн ғана тұрақтаған М. Е. Массон оларды анғармай қалған болса керек. Алайда соңғы құрылыштың салынған уақыты жөніндегі М. Е. Массон айтқандарын кейінгі зерттеушілер басшылыққа алуы тиіс. Осы тұрғыдан кесенені кейір зерттеушілердің XVI-XVII ғасырларға жатқызуы дәлелсіз [Ходжаев, 1960, 8-9 бб.]. Кесененің сымбатының ерекшеліктерін Ю. А. Ел-гин талдады [Елгин, 1995. С. 118-124]. Кесененің ішкі жағындағы сылақта арабша жазулар болғаны және оны З. Жандарбектің оқығаны белгілі болды [Қожа, 2008].

М. Е. Массон Сайрам елді мекенінде пайғамбарларға байланысты киелі орындардың барын көрсетеді. Мысалы, Иош пайғамбардың кесенесі мен Иса пайғамбардың шешесі Мариам бибі мазары сипатталады. Соңғы құрылыштың орыстар өлкені жаулап алған соң орыс үкіметінің каражатына салынғаны, соған қарамастан оның төбе-сіндегі күмбездің бұзылып ойылғаны айтылады. Бұл құрылышты кейінгі зерттеушілер тіпті атамайды да. М. Е. Массон Қызыр пайғамбар мешітінің жаңадан салынғанын, ескі құрылыштан жер асты «шілдехана» сакталғанын, осы мешітте Тұлкібас-тан алынған тас үстін барын жазады. Ғалым жер асты құрылышты

сипаттап кетеді.

Қыстактың жұма мешіті Үйдірыс-пайғамбар деген атпен белгілі екенін және жергілікті тұрғындардың Үйдірыс-пайғамбарды Сайрамның негізін қалаған деп есептейтіні айтылады. Осы мешітте тұрған тас ұстын М. Е. Массонның ерекше назарында болды. Оның Сайрамға баруының бір себебі осы ұстын еді. Мешіттегі ұстын жөнінде бұрын Сайрамда болған саяхатшылар мен зерт-теушілер әртүрлі пікір айткан, бұл ескерткішті тіпті байырғы славяндық деп санайтын да пікір болған. Сондықтан М. Е. Массон аталған мешіт-тегі ұстынды жанжақты сипаттайды. Тас ұстындағы жазуларды ажыратып, оның араб әріпте-рімен Куфи үлгісінде жазылғанын, онда ислам дінінің белгілі бір формуулары жазылғанын анықтап көрсетеді. Ұстынды IX-X ғғ. жатқызуға болатыны айтылады. М. Е. Массон көзімен көр-ген оқиғасы – бала таппаған қазақ келіншегінің осы тас ұстынды құшактап екі айналып, манда-йын тигізіп қастерлегені, тәу еткен осы мақалада көрсетіледі. Үйдірыс мешітінде ұстыннан басқа арабша жазуы бар тас ақырдың бөлігі кездеседі. Ұқсас жазуы бар тас тақтай бөліктөрі Қараашан ана мен Култул мазарында бары айтылады. Бұл тастан туралы бұрын-сонды бірде бір зерттеуші жазбаған. Ал тас ұстынның осы мақалада беріл-ген фотосуреті Қазақстан тарихына байланысты кітаптарда қайта басылып келеді. Қазір оның Сайрам музейі алдына көшіріліп, цемент құр-сауында тұрғаны баспасөз бетінде жазылуда [Кожа, 2008].

М. Е. Массонның байырғы қала қалдықтарының жалпы сипаттамасы да құнды. Фалымның айтуынша, қалашықтың орталығы жоспарда шеткі бұрыштары дөңгелене келген төртбұрышты. Қала суды шығыс жақтан істелінген арық арқылы алып отырган. Жалпы қалашық ауданы 28 га, оның аумағы, қақпалардың орналасуын шахристандыру баламалауға болады деп санайды М. Е. Массон. Кейін қала қамалға айналады. Цитадель осы шахристанның бір бөлігінде немесе шахристанның бір бөлігін алып жаткан деп болжайды ғалым. Қаланың төрт қақпаның орнынан басқа ешнөрсе сакталған. Батыс қақпа Шымкент дарбаза деп аталған. Одан алғыс емес жерде сыртқа толық шығып тұрған мұнара байқалады. Қаланың солтүстік қақпасы Белдарбаза деп аталған. Ал шығыс қақпа – Қарамурат, онтүстік қақпа – Базар деген атпен белгілі болыпты. Шымкент қақпасынан батысқа қарай бір

шұнқырды тазалаған М. Е. Массон оның ішінен жаңауарлардың сүйегі, әйнектің сынығы және екі шыrap табылғанын көрсетеді. Сайрамнан табылған Шымкент музейінде не мақсатта пайдаланылғаны белгісіз бір зат мақалада сипатталады, оның реставрациясын М. Е. Массонның өзі жасаған.

М. Е. Массон Испиджаб пен Сайрам жөнін-дегі сол кездегі барлық жазба деректерді ескеріп ондағы мәліметтерді байырғы қалдықтармен салыстыру жүргізеді. Ол ен алдымен жазба деректерде аталағын рабадты қоршаған қабырғаны іздейді. Сырттан келген бір казақ оған Сайрамсудың сол жағында үйме жал барын айтады. Ол қалашықтан 3,5 км қашықтықта қаланың бірінші сыртқы қабырғасының қалдығын тауып сыйбасын жасайды. Осы бағытта жүре отырып екінші сыртқы қабырғасы Ботбай ауылының айналасынан табылады. Бұл қабырғасы бойында М. Е. Массон екі мұнара іздерін сипаттап кетеді. Екінші қабырға Сайрам орталығынан 7,5 км, ал бірінші рабад қабырғасынан 5,5 км қашықтықта жатқынан анықтайды.

Өзінің зерттеп, бақылаған мәліметтері арқылы және жазба деректердегі келтірген фактілерді салыстыра отырып М. Е. Массон мынандай қорытындыға келген. Сайрамды байырғы Исфиджаб деп дәл есептеге күмән бар. Осыған байланысты М. Е. Массон: «Бұл мәселені шешуде әлі де әдебиет деректерді сын көзben қарап, Сайрамды жан-жақты зерттеу керектігін айта келіп, Сайрамның ескі Исфиджаб болмауы мүмкін деген ойға келеді». Сайрам ескерткіштерімен айналысып жүрген Б. Байтанаев Сайрам байырғы Испиджаб екеніне сенімді екенін атап еткен [Байтанаев, 2003, с. 37]. Алайда қалашық орталығында жүргі-зілген қазба жұмыстары X ғ. ертерек мәдени қа-баттар табылмағанын көрсетіп [Байтанаев, 2008] Сайрамның бұрынғы Испиджаб екеніне күмән туғызуда. Сондықтан М. Е. Массонның бұрынғы тұжырымы әлі де күшінде деуге негіз бар. М. Е. Массонның мақаласындағы мәліметтер әзірге дейін құндылығын жогалтпаған. Сайрамның М. Е. Массон жасаған сыйбалары әлі де Сайрам жөніндегі мақалалар мен кітаптарда жарияланып келеді. Сайрамдағы сәулет өнері ескерткіштерінің барлығында М. Е. Массонның зерттеуі келтіріліп келеді.

М. Е. Массонның еңбегі Сайрам ескерткіштерінің әлі де көп өзгеріске ұшырамай тұрғанда өз көзімен көріп жазылғандығымен құнды. М. Е. Массон жазып сипаттаған көптеген ескерткіштер

байырғы қалпынан айырылған. Соңғы кезде Сайрам ескерткіштері жөнінде баспасөз бетінде жарияланған мақалаға қарағанда: «...Ыбырайым ата кесенесі алдында тұратын тас құтыны шамамен XI–XII ғғ. дүниесін өз орнынан таба алмадық. Сол заттың болғанын естеріне түсірсе де оның қайда кеткенінен ешкім хабарсыз болып шықты. Қолды болған ба, ол қайда? Ол ортағасырлық тас ою өнерінің тамаша үлгісі болатын. Кесене есігі бірнеше мәрте бұзылып садақа ұрланыпты, ал 10 жылдай бұрын іштегі сейфті алу үшін имансыз ұрылардың ғимарат қабырғасын тесіп кіргенін естігенде жағамызды ұстадық. Осылай жалғаса берсе «атың шықпаса жер өрте» дегендей, Қожа Ахмет Ясаудің әкесінің кесене-сін құлатқан ел ретінде атымыз кем дегендеге түркі әлеміне шықпасына кім кепіл. Осы жағдайларға қарап тарихи мұраға негізгі қауіп адамдардан келе ме деп ойлайсын.

Сайрамдағы Салық қожа, Қарашаш ана, бас-қада кесенелер соңғы 10 жыл көлемінде өзгеріске ұшыраған. Бірінің тәбесі ескерткішке үйлес-пейтін қаңылтырмен қапталса, бірінің қасбетіне қазіргі заманғы мәрмер тақтайша жапсырылған. Сайрамда белгілі ғалым М. Е. Массон көріп жазған көптеген дүниелерді іздең таппайсын. Ескінің лебі, байырғы шебердің өнері азайып барады» [Қожа, 2008]. Міне, сондықтан М. Е. Массонның Сайрам ескерткіштерін зерттеудегі енбекі ерекше бағалы болып қала бермек.

ӘДЕБІЕТ

Бартольд В.В. Отчет о командировке в Среднею Азию // Соч. М., 1966. Т. ГУ. С. 11-115.

Иванов П.П. Сайрам. Историко-археологический очерк // Сборник Туркестанского Восточного института в честь профессора А. Э. Шмидта. Ташкент, 1923. С. 46-56.

Иванов П.П. К вопросу об исторической топографии старого Сайрама // В. В. Бартольду –Туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927. С. 1 51-164.

Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия Среднеазиатского комитета по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. Ташкент, 1928. С. 23-42.

Досжанов Д. Құм жұтқан қалалар. Алматы: Қазақстан, 1967.

Ходжаев М. Сайрамдағы асыл мұралар // Білім және әңбек. 1980. №12. 8-9 бб.

Мухамедиева Н.Н. Исторический центр. Мавзолей Абдель-Азиз-Баб. Мавзолей Ибрагим-ата. Мавзолей Карапаш-ана. Мавзолей Ходжа Талига. Минарет Хызыра Пайгамбар // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алматы, 1994. С. 204 -206.

Елгин Ю.А. Мавзолей Абдель-Азиз-баб (К историко-архитектурному анализу) // Атамұра. Шымкент, 1995. С. 118-124.

Байтанаев Б.А. Древний Испиджаб. Шымкент-Алматы, 2003.

Байтанаев Б.А. К вопросу о топографии и стратиграфии городища Сайрам // Изв. НАН РК. Сер. общественных наук. 2007. № 1.

Из «Трактата о святых Испиджаба» // История Казахстана в персидских источниках. Т. У. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. С. 393-410.

Қожа М. Сайрам ескерткіштері қандай күйде? // «Егемен Қазақстан», 2008 жыл, № 261-262, 26 тамыз.

Қожа М. Тарихи құндылықтар. Оған нақты қамкорлық қажет // «Дала мен қала», 2008 жыл, 18 қыркүйек.